

Шет ауданы бойынша халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 10 мамырдағы N 08/03 қаулысы. Қарағанды облысы Шет ауданы Әділет басқармасында 2011 жылғы 7 маусымда N 8-17-119 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 мамырдағы N 21/03 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 мамырдағы N 21/03 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес Шет ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір мен жиырма тоғыз жас аралығындағы жастар;
- 2) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтіндер.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Юржан Асанұлы Бекқожинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шет ауданының әкімі

Қ. Тілеубергенов